

## Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 наурыздағы N 171 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 1 қарашада Анкара қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі  
арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы  
келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - **Тараптар**),

ұзақ уақыттан бері орын алып келе жатқан достық өзара қарым-қатынасты күшейтуге ниет білдіре отырып,

1993 жылғы 23 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және 1994 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Әскери ғылым, техника мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Түрік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне АҚШ долларына баламада 1237500 (бір миллион екі жүз отыз жеті мың бес жүз) түрік лирі сомасында өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмекті беру осы Келісім күшіне енген күннен бастап басталады.

### **2-бап**

АҚШ долларына баламада 1237500 (бір миллион екі жүз отыз жеті мың бес жүз) түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес материалдық көмек және қызметтер түрінде берілетін болады.

### **3-бап**

АҚШ долларына баламада 1237500 (бір миллион екі жүз отыз жеті мың бес жүз) түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек осы Келісімге сәйкес екі елдің құзыретті органдары жасасатын атқару хаттамаларына сәйкес іске асырылатын болады.

#### **4-бап**

Қазақстан Тарабы түрік Тарабының алдын ала келісімін алусыз түрік Тарабынан алынған материалдар мен қызметтерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге келісті.

#### **5-бап**

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім өз әрекетін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген Атқару хаттамасына сәйкес ұсынылған материалдық көмекті және қызметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне толық берген сәтінен бастап тоқтатады.

#### **6-бап**

Осы Келісім Тараптардың мынадай құзыретті органдары іске асыратын болады:  
қазақстан Тарабынан - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі;  
түрік Тарабынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

Құзыретті органдардың ресми атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақытында хабардар етілетін болады.

Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

2005 жылғы 1 қарашада Анкара қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Түрік Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үкіметі үшін*

*Қ о л ы :*

*Қ о л ы :*

*Тегі: Ашықбаев Б.М.*

*Тегі: Али Доган*

*Әскері шені: генерал-майор*

*Әскері шені: бригадалық генералы*

*Лауазымы: Қазақстан*

*Лауазымы: Түрік Республикасының*

*Республикасының Түрік*

*Бас штабы қорғаныс жоспары және*

*Республикасындағы Елшілігі*

*ресурстарды басқару департамент*

*жанындағы әскери атташесы*

*бастығы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК